




КАСЕ-ДЕ ІРО-ҒА ҚАЛАЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КЕРЕК

(“Қазақстан қор биржасы” АҚ)



МАЗМҰНЫ:

IPO-ға инвестициялау деген нені білдіреді?.....	2
Неге KASE?.....	3
IPO-да қалай ақша табуға болады?.....	4
Тәуекелдер бар ма?.....	5
IPO-ға қалай қатысады?.....	6
IPO дегеніміз не?.....	7
Неліктен компаниялар IPO-ға шығады?.....	8
KASE-де IPO өткізу тарихы.....	9
IPO процесі қалай жүреді?.....	11
Қорытынды	11
Байланыс	12
Жауапкершілікті шектеу.....	13

**IPO ДЕГЕНІМІЗ НЕ?
IPO-ДА ҚАЛАЙ АҚША ТАБУҒА БОЛАДЫ?
IPO-ҒА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?
ОСЫ СҰРАҚТАРДЫ ӨЗІҢІЗГЕ ҚОЯТЫН ШЫҒАРСЫЗ.
КӘНЕ, БӘРІН АНЫҚТАЙЫҚ!**

Change	Change (%)	Volume
13.02	+0.11	1,758.00M
07.70	+0.38	82.98M
0.00	0.00	N/A
14.30	+0.38	255.52M
16.16	+0.03	413.25M

IPO-ҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ДЕГЕН НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Кез-келген компанияның акцияларын сатып алғанда, сіз бизнес үлесінің иесі боласыз



IPO-ға инвестициялау дегеніміз – барлық ниет білдірушілерге осындай мүмкіндікті алғаш рет ұсынатын компанияның акцияларын сатып алу.

IPO-ға инвестициялау кезінде сіз акцияларды "бірінші қолдан" сатып аласыз, яғни компанияның өзінен сатып аласыз және қор биржасында сауда-саттық басталғанға дейін оның "бастапқы" инвесторы боласыз.

БІЗ KASE-ДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫ ҰСЫНАМЫЗ!

НЕГЕ KASE?



Біз нарықта
шамамен
30 жыл
қызмет етеміз



KASE
12 IPO өткізді,
сондықтан бұл
процесс жолға
қойылған, барлық
қатысушылар
үшін түсінікті
және ыңғайлы



KASE-де
инвестициялауға
арналған басқа
да **көптеген**
құралдар бар

СОНДЫҚТАН, KASE-ДЕГІ IPO-ҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАЙ ОТЫРЫП, СІЗ:

- ▶ IPO-ға шығатын табысты, тұрақты дамып келе жатқан қазақстандық компаниялардың бірлескен иесі боласыз;
- ▶ KASE-де саудаланатын басқа құралдарға қол жеткізе аласыз.

Бұл мүмкіндіктер сізге әртүрлі инвестициялық стратегияларды қолдануға және сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес келетін теңгерімді инвестициялық портфельді құруға мүмкіндік береді.

IPO-ДА ҚАЛАЙ АҚША ТАБУҒА БОЛАДЫ?

Енді IPO-ға инвестициялау кезінде қандай кірістер болуы мүмкін екендігі туралы.

Кез-келген акцияны, соның ішінде IPO кезінде сатып алынған акцияларды сатып алғанда, сіз ақша таба аласыз:

► ДИВИДЕНДТЕР АЛУ АРҚЫЛЫ

Дивидендтер – белгілі бір кезеңділікпен акционерлер арасында бөлінетін компания кірісінің бір бөлігі.

Дивидендтік кіріс алу үшін инвестор акцияларды сатып алып, оларды портфельде ұстауы керек.

Егер IPO-ға шығатын компания акцияларды "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санатына орналастырса, онда ол KASE дивидендтік саясатын ұсынуға міндетті.

► АКЦИЯ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУ АРҚЫЛЫ

Бұл кірісті алу үшін акцияны сатып алғаннан гөрі қымбат сату керек.

МАҢЫЗДЫ: Биржалық сауда-саттықтағы акциялардың бағасы үнемі өзгеріп отырады, өсуі және құлдырауы мүмкін.

Сондықтан біз сіздің инвестицияларыңыз туралы ұмытпауға, бағаны, компанияның жаңалықтарын бақылауға, сарапшылардың есептері мен ұсыныстарымен танысуға және осы ақпарат негізінде саналы инвестициялық шешімдер қабылдауға кеңес береміз.

ТӘУЕКЕЛДЕР БАР МА?



- Иә, әрине.
Кез келген инвестициялау қауіпті. Тәуекелсіз, "сенімді" инвестициялардың ұсыныстарына сенбеңіз. Бұл алаяқтар.

Инвестицияның бірінші ережесі: **күтілетін кірістілік неғұрлым жоғары болса, тәуекел соғұрлым жоғары болады.** Бұл ереже IPO-ға инвестициялауға да қатысты.

IPO өзінің табиғаты бойынша жоғары тиімді инвестициялар болып табылады және капиталды көбейтудің жылдам әдісі болып саналады.

Егер IPO-дан кейін акциялар биржада орналастыру бағасынан жоғары сатыла бастаса, сіз акцияларды жоғары бағамен сату арқылы сауда-саттықтың бірінші күнінен бастап кіріс ала аласыз. Бірақ ықтимал жоғары кірістілікке байланысты IPO сәйкесінше қауіпті.

Тәуекелдерді азайту үшін Сіз бағалы қағаздар портфелін әртараптандыруыңыз керек, яғни экономиканың әртүрлі салаларынан басқа компаниялардың акцияларын, сондай-ақ басқа да тәуекелі аз бағалы қағаздарды (облигациялар, ПИҚ пайлары, ETF) сатып алуыңыз керек. Мұның бәрін KASE-де оңай жасауға болады!

IPO-ҒА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

БАР-ЖОҒЫ 3 ҚАДАМ!

- 1 Лицензияланған брокерді таңдап, одан шот ашыңыз
- 2 Ашық шотты ақшамен толтыру
- 3 IPO жарияланған кезде брокерге акцияларды сатып алуға өтініш беріңіз

ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН БРОКЕРДІ ТАҢДАУ

- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Алаяқтықтың алдын алу үшін әрдайым брокер туралы ақпаратты екі рет тексеріңіз.

KASE ресми сайттарында көрсетілген телефондарға өзіңіз қоңырау шалыңыз, түсініксіз сілтемелер бойынша өтпеңіз және жарнамалық хабарландырулардан мобильді қосымшаларды тексерусіз орнатуға асықпаңыз.

ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН БРОКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:



<https://kase.kz>

Егер брокерде шоты ашылған болса, өз брокеріңізден алдағы IPO-да акцияларды сатып алуға өтінімді қашан және қалай беруге болатынын анықтауыңыз қажет.

Енді теориядан кішкене мәлімет ►►►

IPO ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

IPO (Initial Public Offering) - бұл акционерлік қоғамның акцияларын инвесторлардың шектеусіз тобына бастапқы жария ұсыну.

IPO кезінде акцияларды сату жүзеге асырылуы мүмкін:

- ▶ ашық жазылым арқылы акциялардың қосымша шығарылымын орналастыру арқылы;
- ▶ компанияның бастапқы акционерлерінің қолданыстағы шығарылым акцияларын жария сату жолымен



IPO-ға дейін

Компания жеке, яғни жабық

Компания акцияларын шектеулі тұлғалар тобы - бір немесе бірнеше акционер иеленеді

Акцияның бағасы нарықтық емес, ол жай ғана құжаттарда бекітілген

Мысалы, АҚ жарғылық капиталы – 10 млн.теңге, ал шығарылған акциялар саны – 10 мың теңге.

1 акцияның номиналды құны
10 000 000 / 10 000 = 1 000 теңге

IPO-дан кейін

Компания көпшілік компанияға айналады: енді ол қор биржасының талаптарына сәйкес өзі туралы ақпаратты ашуы керек


Компанияның акцияларын кез келген адам сатып ала алады

Акция бағасы нарыққа айналады және сұраныс пен ұсыныс деңгейіне байланысты

НЕЛІКТЕН КОМПАНИЯЛАР IPO-ҒА ШЫҒАДЫ?

Компания жұмыс істей алуы үшін, яғни жабдық сатып алуы, тауарлар шығаруы, қызметтер көрсетуі және т. б. үшін оған ақша керек.

Ол үшін акционерлік қоғам болып табылатын компаниялар бастапқы кезеңде құрылтайшылар сатып алатын акциялар шығарады, ал ақша компанияны дамытуға жұмсалады.



Қосымша ақша тарту үшін бизнестің өсуіне байланысты компания акциялардың бір бөлігін инвесторлардың кең тобына сатуға шешім қабылдайды.

Сондықтан компанияның IPO-сының басты мақсаты IPO арқылы акцияларды қор биржасына орналастыру арқылы қосымша капитал тарту болып табылады.

IPO-НЫҢ БАСҚА МАҚСАТТАРЫ:



IPO-ға шығу – көбінесе бизнестің кемелдену көрсеткіші. Сондықтан, IPO-ға бизнесті бірінші жылдан бері жүргізіп келе жатқан компаниялар шығады, оларда тексерілген бизнес-модель, нарықтың белгілі бір үлесі, сатудың пысықталған арналары және жинақталған қаржылық нәтижелер бар.

KASE-ДЕ IPO ӨТКІЗУ ТАРИХЫ

KASE бағалы қағаздарды орналастыруда, соның ішінде ұлттық компаниялардың IPO-сында мол тәжірибеге ие.

KASE-дегі IPO

КАЗАКТЕЛЕКОМ 2006 Көлемі: 12,2 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 25 000–33 000KZT Сұраным: 592%	КазМұнайГаз 2006 Көлемі: 258,0 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 11 163,4KZT Сұраным: 100% шығарылды	Баян Сұу 2010 Көлемі: 2,7 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 658,0 KZT Сұраным: 100%	Kcell 2012 Көлемі: 7,5 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 1 578,7KZT Сұраным: 260%
KazTransOil 2012 Көлемі: 27,9 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 725,0KZT Сұраным: 200%	KEGOC 2014 Көлемі: 13,1 млрд.KZT Орналастыру бағасы: 505,0KZT Сұраным: 130%	BAST 2015 Көлемі: 359,6 млн.KZT Орналастыру бағасы: 19 843,0–21 827,0KZT Сұраным: 106%	AZEL 2016 Көлемі: 800,0 млн.KZT Орналастыру бағасы: 11 177,0KZT Сұраным: 370%
BAST 2017 Көлемі: 1 125,0 млн.KZT Орналастыру бағасы: 30 500,0KZT Сұраным: 103,1%	БАНК АСТАНЫ 2017 Көлемі: 6 500,0 млн.KZT Орналастыру бағасы: 1 150,0KZT Сұраным: 116,1% шығарылды	BAST 2018 Көлемі: 526,4 млн.KZT Орналастыру бағасы: 50 000,0KZT Сұраным: 100,0%	FERRO-ALLOY RESOURCES GROUP 2019 Көлемі: 5,2 млн.KZT Орналастыру бағасы: 348,698 KZT Сұраным: 0,2% шығарылды


Қазақстандық ұлттық компанияның алғашқы IPO-сы 2006 жылы өткізілді. KASE және Лондон қор биржасында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ бағалы қағаздарының 40 % орналастырылды.

Жай акцияның бағасы орналастыру кезінде 11163,39 теңгені, жаһандық депозитарлық қолхаттың бағасы – 14,64 АҚШ долларын құрады. **Бір жылдан кейін акциялардың бағасы 18990 теңгені құрады.** Компания жыл сайын дивидендтерді төлеп отырды, олардың мөлшері жыл сайын ұлғайып отырды.

"Халықтық IPO" форматында KASE сауда-саттық алаңында 2012 жылы **"ҚазТрансОйл" АҚ** және 2014 жылы – **"KEGOC" АҚ** IPO өткізілді.

- **IPO мақсаты** Қазақстан халқын квазимемлекеттік сектордағы қазақстандық ірі компаниялардың акционерлерінің қатарына және тиісінше бағалы қағаздарды дамыту мақсатында ұйымдастырылған нарыққа тарту болды. Осы екі IPO арқасында Қазақстандағы жеке тұлға-инвесторлардың саны **10 000-нан 110 000** адамға дейін өсті.

"КазТрансОйл" АҚ жай акцияларының кірістілігі орналастыру сәтінен бастап



"KEGOC" АҚ жай акцияларының кірістілігі орналастыру сәтінен бастап



IPO ПРОЦЕСІ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ

Бастапқы орналастырудың әлемдік тәжірибесі негізінде компания IPO-ға шығу үшін Бизнестің қажетті көрсеткіштеріне қол жеткізуі, өз саласында жақсы даму перспективалары болуы және негізгі қаржылық көрсеткіштердің оң динамикасын көрсетуі тиіс деп саналады.

IPO-ға шығу үшін компания ұзақ дайындықтан өтеді. Ол бірнеше айдан бір-екі жылға дейінгі әртүрлі уақытты алады.

Компания өз акцияларын жария сауда-саттыққа шығару жөнінде шешім қабылдаған жағдайда, IPO жүргізу үшін қаржылық консультация беру және андеррайтинг қызметтерін көрсететін брокерді таңдайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ инвестицияларды тарту шарттарын айқындауды және листинг үшін құжаттарды дайындауды – компания акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу рәсімдерін қамтиды.

АНДЕРРАЙТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ әлеуетті инвесторларды тартуға бағытталған. Брокерлер БАҚ және әлеуетті инвесторлар үшін Road Show ("жол шоуы") өткізеді, онда компанияның көрсеткіштері мен акцияларды орналастыру бойынша басқа да деректер көрсетіледі. Осы кезеңде қор биржасында орналастырылатын акцияларды сатып алуға алдын ала өтінімдер жиналады. Роуд-шоумен қатар немесе оның соңында компанияның акциялары қор биржасында листингтен өтеді.

Бұл процедура эмитенттің биржаға және кейде реттеушіге акциялар мен олардың эмитентінің листинг талаптарына сәйкестігін дәлелдеу үшін әртүрлі құжаттарды ұсынууды қамтиды.

Листинг барысында компания өзі, өз қызметі және өзінің бағалы қағаздары туралы ақпаратты биржаға және реттеушіге ашады, ал олар бұл құжаттарды көпшіліктің игілігіне айналдырады.

Листинг алынған биржада орналастырылған акциялармен сауда-саттық ашылған кезде IPO-ның бүкіл процесі аяқталды деп саналады. Компания көпшілік компаниясымәртебесіне ие болады және оның бағалы қағаздары ұйымдастырылған ашық нарықта, яғни биржада сатылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, сіз IPO деген не екенін, ол не үшін жүзеге асырылатынын, одан қалай ақша табуға болатынын және IPO-ға қалай қатысуға болатынын білдіңіз.

Сіз компаниялардың IPO-ға не үшін шығатынын, оның қалай өтетінін білдіңіз және KASE-дегі IPO тарихымен таныстыңыз. Егер сұрақтарыңыз болса, сіз әрқашан KASE қызметкерлерімен төменде көрсетілген байланыстар бойынша кеңес ала аласыз. Күтеміз!

БАЙЛАНЫС



www.kase.kz



+7 (727) 237 53 03 (IPO сұрақтары бойынша KASE жедел желі)
+7 (727) 237 5320 (Эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс департаменті)



customers@kase.kz (Эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс департаменті)



ҚР, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш., 280,
"Almaty Towers", КФК, Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ KASE ПАРАҚШАЛАРЫ



@Kazakhstan Stock Exchange



@kase.kz



@Kazakhstan Stock Exchange



@KASEofficial



Казахстанская фондовая биржа (KASE)

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ:

1. Осы брошюра ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында операциялар мен мәмілелерді жасауға арналған толық нұсқаулық болып табылмайды және әлеуетті инвестор операцияларды жүргізу және бағалы қағаздардың ұйымдық нарығында мәмілелер жасасу процесінде кездесуі мүмкін барлық аспектілер мен нюанстарды қамтымайды.
2. Осы брошюрадағы ақпаратты брошюраның оқырмандары және өзге де тұлғалар қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу немесе сату жөніндегі ұсыным ретінде қарастырмауы және бағаламауы тиіс.
3. Биржа да, оның кез-келген қызметкері де осы брошюрадағы ақпаратты пайдалану нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған кез-келген тікелей немесе жанама шығындар (залал) үшін жауап бермейді.
4. Биржа брошюрада келтірілген мәліметтерді немесе ақпаратты тұрақты жаңарту немесе қайта қарау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдамайды, сол сияқты Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөніндегі заңнамасындағы немесе Биржаның ішкі құжаттарында жазылған ережелер мен талаптардағы өзгерістер туралы кімге болса да ақпарат беру міндеттемесін өзіне алмайды.

K**SE**

www.kase.kz